

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
МЕН ӘДІСТЕРДІ ЕНГІЗУ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМА

ПРОГРАММА
ПО ВНЕДРЕНИЮ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДИК И ТЕХНОЛОГИЙ
В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Астана
2015

Пікір жазғандар:

А.Қ. Тусупова, ф. ғ. к.

М.Ш. Салтанатова, директор

А.С.Ережепбаева, директор

Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша бағдарлама. – Астана, 2015.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша бағдарлама жас ерекшелігі психологиясы мен мектепке дейінгі педагогиканың негізгі ережелеріне сәйкес әзірленген және баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагог қауымға, колледждер мен ЖОО студенттеріне арналған.

Бағдарлама ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының (№7 хаттама 2015 жыл 9 қазан) ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралды және ұсынылды.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Еліміздің қоғамдық өмірінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру жүйесіне, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға сәйкесті өзгерістер енгізуді талап етеді.

Сондықтан, бүгінгі мектепке дейінгі білім беру жүйесіне, оның сапалы мазмұнын жаңғырту мәселелеріне айырықша көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы басым бағыттардың бірі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту болып табылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртуға қоғам назарын аудара отырып: «Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелер негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға оқытудың заманауи инновациялық әдістерін енгізу, ал білім беру технологиялары – жасампаз болуы қажет» - деп тапсырма берген болатын.

Елбасының тапсырмасы мен ата-аналар қауымдастығының сұраныстарын орындау мақсатында, біріншіден, барлық балалардың мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесіне, екіншіден - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін, оның мазмұнын сапалы жаңғырту мәселесіне бүгінде республикада айырықша көңіл бөлінуде.

Білім беру мазмұнын жаңарту мен жаңғыртудың маңызды құралдарының бірі мектепке дейінгі ұйымдарда жүріп жатқан инновациялық үдерістер болып табылады.

Заманауи мектепке дейінгі ұйым – бұл дамуға ұмтылған, жаңа мүмкіндіктерді іздеген, баланың, жанұяның, қоғамның сұраныстарын қанағаттардыруға қажетті жағдайларды жасайтын, педагогтардың шығармашылық және кәсіби жұмыстарын жағдаймен қамтамасыз ететін, заманауи талаптарға жауап беретін күрделі ағза. Демек осы мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жандандыруда инновациялық технологиялар мен әдістердің маңызы өте жоғары.

Жалпы бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйым жұмысына инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бірқатар шешуге болатын қиындықтарды туындатады. Олар жасалатын жұмыс ауқымының артуы, лауазымдық міндеттер шеңберінің кеңеюі, инновациялық технологиялар мен әдістердің жеткіліксіз ресурстық қамтамасыз етілуі, материалдық және моралдық ынталандырудың әлсіздігі, ал балалар үшін оқу жүктемесінің артуы орын алып отыр. Бірақ осы қиындықтармен қатар екінші жағымды жақтарын да байқауға болады. Олар педагогтар үшін – кәсіби шеберлігінің артуы, зерттеу әрекетін жүзеге асыра білуі, ал балалар үшін – оқу сапасының артуы болып отыр.

Инновациялық үдерістердің негізгі міндеті – педагогикалық және әлеуметтік ұйымның ерекше жүйесі ретінде мектепке дейінгі ұйымды дамыту, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа, жоғарғы нәтижелеріне жету, мектепке дейінгі ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Инновациялық технологияларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне енгізу – балалармен жұмыстың тиімді түрлерін шығармашылықпен іздеудегі сәнге

арналған жұмыс емес, бұл нақты уақыт талабы. Бүгін балабақшаны кез-келген заманауи мектепке дейінгі ұйым ретінде инновациялық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ал енді осы инновациялық технологияларды мектепке дейінгі ұйымның жұмысына жүйелі түрде, талапқа сай енгізуді ұйымдастыру балабақшаны басқару жұмысына тікелей байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық үдерістерді басқару тәрбиелеу мен оқыту үдерісін оңтайландыруға, тәрбиелеу мен оқытудан алынған нәтижелерді арттыруға бағытталған басқарушы мен педагогтардың, балалардың және ата-аналардың бірі-бірімен тығыз ықпалдастықта ұйымдастырылатын әрекеті. Демек мектепке дейінгі ұйым жұмысына инновациялық технологияларды енгізу осы әрекетке қатысушы жауапты тұлғалардың өз жұмыстарын алдын-ала жоспарлап алып реттілікпен, сабақтастықпен, үздіксіздікпен атқаратын әрекеттерінің жиынтығы болып табылады.

Жоғарыда аталған мәселерді шешуде мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша бағдарламаның маңызы өте жоғары.

Бағдарлама мына ұстанымдарға:

- ізгілікке (мектепке дейінгі ұйымда педагогтың жеке тұлғасына сыйластықты қамтамасыз ететін, қарым-қатынастың жағымды алаңын құру, әрбір педагогты білім беру үдерісіне оңтайлы қосу мақсатында жеке тәсіл құралдарын іздеу);

- демократияландыруға (инновациялық технологияны таңдау мен жоспарлау барысында инновациялық әрекеттің барлық субъектілерін қатысуын белсендіру);

- ғылыми, талдау әрекетіне;

- жүйелі тәсілге (мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық әрекетті жоспарлауды жүйеге келтіру);

- болашаққа және үздіксіздікке (соңғы нәтижеге жетуге бағытталған);

- сабақтастыққа (инновациялық әрекетке қатысушы педагогтардың арасында бір жыл бойы барлық әрекеттерді тең бөлу) негізделіп құрылды.

Қазір мектепке дейінгі ұйымға балалармен үдемелі инновациялық технологиялар мен жаңа бағдарламалар негізінде жұмыс жасауға қабілетті педагог қажет. Ол көп білуі, өзімен тұрақты жұмыс жасауы, арнайы білік және дағдылары болуы тиіс; өз шеберлігін тұрақты түрде жетілдіруі, инновациялық технологияларды, дәстүрлі емес әдістерді меңгеруі; компьютерді білуі, Интернетті пайдалана білуі қажет.

Егерде әр балабақшада осындай тәрбиеші-педагог болса, онда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бүгінгі күн талаптарына, ата-аналар мен қоғам талаптарына жауап беретін болады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту барысын инновациялық әдістер мен технологияларды қолданудың әдістері мен формаларымен қамтамасыз ету, тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру үшін мектепке дейінгі ұйымда инновациялық білім беру кеңістігінің үлгісін құру.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдану аясында педагогтардың педагогикалық кәсіби шеберліктерін жетілдіру;
- мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу барысын белсендіру;
- мектепке дейінгі ұйымдарда баланың құнды шығармашылық тұлғасын дамытуға және танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін қалыптастыруға арналған жағымды күн тәртібін қамтамасыз ететін, инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу бойынша жағдайлар жасау;
- шығармашылық ізденістерді ақпараттық, ғылыми-әдістемелік және психологиялық қолдауды жүзеге асыру;
- бұхаралық педагогикалық тәжірибеде инновациялық әрекетті насихаттау.

Күтілетін нәтижелер:

- мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың инновациялық үлгісіне көшу;
- мектепке дейінгі ұйымның бәсекеге қабілетілігін арттыруға бағытталған үздіксіз дамуын қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын арттыру үшін мектепке дейінгі ұйымда инновациялық білім беру кеңістігінің үлгісін жетілдіру;
- өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттырушы педагогтардың санын арттыру;
- педагогтардың инновациялық педагогикалық тәжірибені аудандық, облыстық, республикалық деңгейлерде жалпылау мен таратуға белсенді қатысуы;
- заманауи білім беру технологияларын меңгерген педагогтардың деңгейін арттыру.

Мектепке дейінгі ұйымға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізудің диагностикалық құралдары:

- мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысы жүйесіне инновациялық технологиялар мен зерттеу әрекеттерін енгізу үшін педагогтардың дайындығы;
- педагогтардың кәсіби әрекетін диагностикалау нәтижелері, олардың қиындықтары мен қажеттіліктері;
- бір жылдық әдістемелік жұмысты кешенді талдау.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС МҮМКІНДІКТЕРІН ЕСКЕРІП, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын балаларды жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамытуға бағытталған, инновациялық технологиялардың негізгі түрлеріне негізделген. Мектепке дейінгі білім беру үдерісіне енгізу үшін үлгіге мынадай әдістер мен технологиялар ұсынылады.

1. Дамытушы технологиялар. Дәстүрлі оқытуда балаға үйрену үшін дайын өнім мен әрекеттің үлгілері беріледі. Ал дамыта оқытуда бала өзінің әрекеттерін талдау нәтижесінде мәселені шешуге өзбетінше қол жеткізеді.

Мнемоника немесе мнемотехника – қосымша байланыстардың пайда болуымен есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау көлемін ұлғайтатын түрлі тәсілдердің жүйесі. Мектепке дейінгі жастағы балаларға мнемотехника тәсілдерін қолдану аса маңызды өйткені сыртқы құралдардың әсерінен ойлап шешетін тапсырмалар ауызшаға қарағанда көрнекі материал арқылы жақсы меңгеріледі. Дамыта оқытуда балаларға тілдерін дамытуға бағытталған, олардың белсенді сөздіктерін байытатын, сөз жасау дағдыларын бекітетін, заттарды сипаттайтын, мәтіндер құрауға жәрдем беретін көрнекі үлгілер қолданылады. Сипаттау мәтіндерін құрауда мнемотехника тәсілдерін, мнемотаблицаны немесе заттарды сипаттау үшін сызба-жоспар тәсілдерін қолдану мнеможұмбақтарды құрауға жәрдем етеді. Бұл жұмбақтарды шешу барысында белгілері бойынша нысандарды анықтайды. Кіші топтарда алғашқы кезде педагог әрбір берілген суреттерді жан-жақты түсіндіреді. Ал келесі кезеңде ересек топтарда суретке қарап онда не жасырылып тұрғанын өзбетінше тауып, түсіндіруді ұсынылады.

Пластилинография – ермексазбен жұмыс балаға түсті сезінуге, ұсақ саусақ моторикасын жүзеге асыруға және балаға жағымды көңіл күйді сезінуге мүмкіндік береді. Мүсіндеу әрекетіндегідей пластилинографияда кіші топтарда басу, сипалау, тегістеу, жалпайту, жаю тәсілдері қолданылады, ал ересек топтарда түстер бір-бірімен араластырылып қосымша түстер алынады.

2. Ақпараттық технологиялар – анимацияларды, фильмдерді тұсаукесерлер слайдтарын қолдану үйретілетін құбылыстарға балалардың белсенді танымдық қызығушылықтарын танытуға мүмкіндік береді.

Танымдық ертегілер балаларды қоршаған ортамен таныстыруға, айнала қоршаған шындыққа белсенді танымдық қарым-қатынасты туындатуға және құбылыстардың мәніне жетуге мүмкіндік беретін білім қорын жинақтауға бағытталған. Танымдық ертегілер балаларды бөлек деректермен таныстырады, құбылыстардың артында не жатқанын айтады. Ертегілер мынадай талаптарға сәйкес болуы керек: танымдық материалдан құрылуы, балаға бала жасына сәйкес

білімнен хабар етуі, оның мазмұнын білуге дене қызығушылыққа баулуы керек. Дұрыс құрылған ертегі өзінің мазмұнына қызығушылық тудырады. Танымдық қызығушылықты туындату үшін міндеттерді шешу басқа жағымсыз сәттермен жасырынбай кейіпкерлердің әрекетінің бел ортасында болғаны, ғылыми мазмұнға қызығушылыққа шақыруы, күрес, жанашырлық пен кейіпкерді іздеу нақты осы мазмұнмен байланысты болуы, соның айналасында шоғырлануы, сонда іске асуы қажет. Ертегі балаларды қызықтыруы үшін: ертегідегі барлық қимылдардың өрбіуі сол сауалдардың шешімі болуы, сауал мен оның шешімі бала үшін жағымды кейіпкердің тұлғасында нақтылануы, сонымен бірге ол қуанатындай, қобалжыйтындай, ойша күресе алатындай, қойылған мақсатты іздеуді және шешуді, сауалды шешу жай ғана баяндау сипатында берілмей, кейіпкердің белсенді әрекетінің нәтижесінде берілуі қажет. Осы кейіпкердің алдында оқиғаны өрбіту кезінде маңызды міндеттің пайда болуын, оның танымдық сипатының болуын, оны ашуға тырысуды, мәселе мен кейіпкердің оның шешімін іздеуін танымдық материалмен тікелей байланысты болуын, балаларға арналған танымдық материал оларға түсінікті болуын, оны барынша өрбітіп беруді қадағалау қажет.

3. Жобалау технологиялары – бала мен педагогтың бірлесіп жүзеге асыратын эксперименттік әрекетін құру. Жобалық іс-әрекет – бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық проблеманы бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы (оның барысында бала өзі үшін көптеген жаңа және бұрын білмегенді ашады) туралы идея жатыр. Бұл нәтижені шынайы практикалық іс-әрекетте көруге, зерделеуге, қолдануға болады. Кіші мектепке дейінгі жастағылармен мынадай тақырыптарда: «Пішін, түс, көлем»; «Жыл мезгілдері», «Су», «Қар», «Құм», «Жарық пен жылу» жұмыстарды өткізуге болады. Ал ересек жаста баланың бастамашылдығы, белсенділігі, мүмкіндіктері айтарлықтай арта түседі. Бұл жас кезеңі балалардың танымдық қажеттіліктерін зерттеу, іздеу әрекеті түрінде «жаңаны» ашуға, ойлаудың өнімді түрін дамытуға бағытталған дамыту үшін маңызды. Зерттеу әрекеті үшін келесі міндеттердің алдын алу қажет:

- жағдайлар жасау;
- бақылаушылықты дамыту;
- салыстыру, талдау, жалпылау;
- эксперимент жасау барысында танымдық қызығушылықты дамыту;
- назар салуды, көруді, естуді дамыту.

4. Денсаулықты сақтау технологиялары – өзінің денсаулығын қолдауға қажетті білім, білік дағдыларды қалыптастыру мен дамыту.

Фитбол-ертегілер. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға педагог ертегі мазмұнын бұрыннан таныс балалардың білетін қимылдарымен сүйемелдей

отырып айтады. Балалардың назары ертегінің мазмұнында болғандықтан жаттығуларды орындау қызықты және еліктірер сипатта болады. Ал ересек жастағы балалар үшін күндізгі ұйқыдан соң балаларды сергіту үшін қолдануға болады.

Анималотерапия – бұл балаларды тәрбиелеу мен оқытуда жануарларды қолдану болып табылады. Жануарлармен өзара әрекет ету арқылы балаларда айналасындағыларды түсіну, сезіну және жанашырлық таныту қабілеттері қалыптасады. Жануарларды бақылау және олармен өзара әрекет ету баланың әлеуметтік ортада табысты бейімделуі үшін қажетті интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етеді.

***Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістері
мен технологияларын енгізу және мектепке дейінгі ұйымдардың
өз әдістерін әзірлеу тәртібі***

1. Мектепке дейінгі ұйымның мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмысында сынақтан өткен әдістерді және өзінің жеке әдістерін (дидактикалық жобалау) ескеріп, инновациялық технологияларды енгізу бойынша жоспар құрылады;

2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың білім, білік, дағдыларын затты қабылдау, абстрактілі ойлау, назар салу критерийлері бойынша талдау жасалады және баға беріледі, бұл бағалауды балабақшаның меңгерушісі, әдіскері, психологы жүргізеді.

3. Мектепке дейінгі ұйымның инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу және өздерінің әдістерін әзірлеу үшін жеке бағдарламалары мен балалардың зерттеулерінің мәліметтері талқыланатын, бір жылға жұмыстың бағыттары анықталатын әдістемелік кеңес өткізіледі;

4. Өздерінің жеке әдістерін әзірлеу мен мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу үшін жұмыс кезеңдері анықталады.

5. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу бойынша мәселелер қарастырылатын әдістемелік бірлестіктің отырыстары, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі семинарлар өткізіледі;

6. Оқу жылының соңында мектепке дейінгі тәрбиелеу-оқыту үдерісіне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу және өздерінің әдістерін әзірлеу бойынша жүргізілген жұмыстың тиімділігіне талдау жасалады.

***Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістері
мен технологияларын енгізу кезеңдері:***

Тәрбиелеу-оқыту үдерісіндегі педагогтың әрекеті:

1 кезең: Жаңа идеяларды іздеу: мәселені (мақсатты), міндетті құрастыру, мақсатқа жету үшін жоспар әзірлеу (педагог басқа педагогтармен және ата-аналармен жоспарды талқылайды), жоспарды жүзеге асыру үшін педагогтар мен ата-аналарды тарту.

2 кезең: Жаңа енгізімді қалыптастыру: өзекті міндетті анықтау, әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру, жұмыс жоспарын жасау, материалды жинақтау.

3 кезең: Жаңа енгізімді іске асыру: практикалық көмек (қажеттілігіне қарай) беру, жоспарды іске асыруға бағыт беру және бақылау, жоспарға ұйымдастырған оқу іс-әрекеттерін, ойындар және балалармен басқа да іс-әрекеттерді қосу, өзбетінше орындау үшін түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындау.

4 кезең: Жаңалықты бекіту: тұсау кесерге, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық жасау.

Инновациялық әдістері мен технологияларды енгізу жоспары

1. Тақырыбы _____

(педагог барынша өзекті және өзіне қолжетімді әдіс пен технологияны белгілі бір уақыт бөлігіне таңдайды, мысалы,

Ақпараттық технология – Танымдық ертегі – қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан.

Дидактикалық жобалау – Ортаңғы топқа арналған информатика бойынша үйретуші бағдарлама – қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр).

2. Ұйымдастырған оқу іс-әрекеттері және басқа да іс-әрекеттер

(тіл дамыту, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, экология негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, музыка, денешынықтыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде)

3. Қажетті материалдар _____

(интерактивті тақта, слайдтар, видеофильмдер, мультфильмдер)

4. Әдістер мен тәсілдер _____

(информатика элементтерімен қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру бойынша: Информатика әлемінде; Менің досым Антивирус; Математика әлемінде; Геометриялық пішіндер әлемінде)

5. Бағалау (педагог пен баланың көзқарастары бойынша) _____

(Балаларды бағалауға сұрақтар: Не ұнады? Нені білгің келді? Неге ұнамады?

Бағалау критерийлері – шеңбер – 5 балл, квадрат – 4 балл, үшбұрыш – 3 балл.

Ата-аналарды бағалауға сұрақтар: Сіздің балаңыз жаңадан нені үйренді? Онда қандай біліктер пайда болды? Педагогтардың жұмыстарын қалай бағалар едіңіз?

Бағалау критерийлері – қанағаттарлық – 1-10 балл, жақсы – 11-20 балл, өте жақсы - 21- 50 балл).

6. Әдісті байыту мен жетілдіруге ұсыныстар _____

(қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру бойынша бағдарлама – Геометриялық пішіндер; Уақытты бағдарлау; информатика элементтерімен үйретуші бағдарлама: Монитор, Перне тақта, Вирус, Антивирус).

7. *Жоспардың орындалуы – практикалық бөлім* _____

(балаларға арналған түрлі деңгейлі тапсырмалар: төменгі деңгей – 1 тапсырма; орта деңгей - 2-3 тапсырма; жоғары деңгей – 4-5 тапсырма.

Шығармашылық тапсырма компьютерлік ойындар)

8. *Қорытындылау – жаңа оқу жылына әдісті әзірлеу* (дидактикалық жобалау) үшін міндеттерді анықтау _____

(Танымдық ертегі элементтерімен экология негіздері, сауат ашу және жазу негіздері бойынша үйретуші бағдарламалар).

Дидактикалық жобалаудың механизмі. Дидактикалық жобалау үшін тәрбиелеу-оқыту үдерісіне қатысушылардың бірлескен әрекетіне бағытталған топтың кеңістіктік-заттық дамытушылық ортасын сәйкесінше түрлі сәйкестікпен ұйымдастыру қажет: педагог-бала, бала-бала, балалар-ата-аналар. Әрекеттің бірлескен-жеке, бірлескен-өзара әрекет ететін, бірлескен-зерттеушілік түрлері болады. Дидактикалық жобалаудың жетістіктерінің бірі әрбір баланың ұжымға маңызы мен қажеттілігі танылуы, педагогтың топтың ұжым үшін әрекет етуінің нәтижелерін аңғара білуі. Дидактикалық жобалауды жүзеге асыру барысында балаларда дербестік, белсенділік, жауапкершілік, бір-біріне деген сенімділік, тануға құштарлық дамиды.

Дидактикалық жобалау критерийлері:

1. Ұсынылатын шешімдердің өзектілігі, шынайылығы, баланы дамытуға практикалық бағыттылығы.

2. Әзірлемелердің көлемі мен толықтығы, дербестігі, аяқталуы;

3. Шығармашылық деңгейі, тақырыптың ашылуының, ұсынылатын тәсілдерінің, шешімдерінің бірегейлігі;

4. Ұсынылатын тәсілдер мен шешімдердің дәлелділігі;

5. Сәйкес ресімделуі: эскиз, сызба, суреттердің сапасы стандарттық талаптарға сәйкестігі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (23.08.2012 ж. № 1080 ҚРҰК).
2. «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы, 2010
3. Поздняк Л.В., Лященко Н.Н. Управление дошкольным образованием – М,2001
4. Селевко Г. К. «Современные образовательные технологии» - М., 1998 г. С. 151-154.
5. Сластенин В.А. Педагогика: Инновационная деятельность. - М.: ИЧП «Издательство Магистр», 1997. - 308 с.
6. М.И.Приезжая. Интерактивная доска – эффективный инструмент обучения дошкольников//Справочник руководителя дошкольного учреждения №2/2012, 79с
7. М.З.Кахарова. Экспериментальная деятельность как развитие познавательной активности детей//Детский сад: воспитание и обучение № 3, 2014, 6-7с
8. Колодяжная Т.П. Управление современным дошкольным образовательным учреждением – в 2 ч.-Р и Д, 2002
- 9 Комплексное сопровождение детей дошкольного возраста / под ред Л.М.Шипицыной – СПб, 2003
10. Ф.Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика, Астана, Фолиант, 2008,336 бет
11. Колодяжная Т.П. Управление современным дошкольным образовательным учреждением – в 2 ч.-Р и Д, 2002
- 12 Комплексное сопровождение детей дошкольного возраста /под ред. Л.М.Шипицыной – СПб, 2003

МАЗМҰНЫ

Түсіндірме жазба	3
Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	5
Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас мүмкіндіктерін ескеріп, мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістері мен технологияларының мазмұны	6
Әдебиеттер тізімі	11